

«West Dala» ЖШС корпоративтік басылымы

WEST DALA NEWS

НӨМІРДЕ:

**GEWR-2025:
САЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА
ҮМІТПЕН**

3 бет

**ҚАЙТА
СЕРТИФИКАТТАУ
АУДИТИ**

4 бет

**ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ
АЙЛЫҒЫ – 2025**

5 бет

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МӘДЕНИЕТТИ
АРТТЫРАМЫЗ**

6 бет

WEST DALA: 20 ЖЫЛ СЕНІМДІ ҚЫЗМЕТ ПЕН ТҰРАҚТЫ ӨСУ

2025 жылы West Dala компаниясы өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтуде — бұл орнықты даму, кәсібилік және серіктестер мен клиенттер тарапынан сену жолындағы маңызды оқиға.

2005 жылы қазақстандық нарықта қалдықтарды кешенді басқару саласында сапалы шешімдер ұсынатын оператор болуды мақсат еткен шағын компания пайда болды. Сол уақыттан бері West Dala үлкен жолдан өтіп, еліміздің батыс өңіріндегі саланың жетекші кәсіпорындарының біріне айналды. West Dala компаниясы алғашқы күндерінен бастап кәсібилікке, заманауи технологияларға және клиентке бағдарлануға басымдық берді. Бұл қағидаттар бүгінде де компания қызметінің берік негізі болып қала бермек.

АДАМ — БІЗДІҢ ЕҢ БАСТЫ КАПИТАЛЫМЫЗ

Компанияның барлық жетістіктері өз ісінің нағыз мамандары еңбек ететін ұйымшыл ұжымның бірлескен жұмысының арқасында мүмкін болды. West Dala компаниясында 10–15 жылдан бері тұрақты еңбек етіп жүрген қызметкерлер аз емес — бұл көрсеткіш ұжым ішіндегі сенім мен

тұрақтылықтың айқын дәлелі. «Осы жылдар ішінде біз жай ғана бизнес құрып қойған жоқпыз — біз пікірлес жандардың бір қауымдастығын қалыптастырдық. West Dala — бұл тек қана кешендер мен жобалар емес, ең алдымен, өз ісін шын жүректен сүйетін адамдар», — дейді компанияның негізін қалаушылар.





УАҚЫТ СЫНЫНАН ӨТКЕН СЕРІКТЕСТІК

Бүгінде West Dala серіктестері қатарында — ірі халықаралық мұнай-газ операторлары, сондай-ақ қалдықтарды басқару саласында сенімді әріптеске зәру орта және шағын бизнес өкілдері бар.

20 жыл ішінде біз «NCOC N.V.» (НКОК Н.В.), «Теңізшевройл» (ТШО) ЖШС, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (КПО), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдары сынды компаниялармен іскерлік қатынаста сенімділік, ашықтық пен жауапкершіліктің символына айналдық. Тарихы бай болғанымен, компания қол жеткізген жетістіктеріне тоқтамайды.

Алда — жаңа нарықтар, процестерді цифрландыру, экологиялық бастамалар мен қызметтерді кеңейту тұр.

«20 жыл — бұл тек бастамасы. Біз болашаққа сеніммен қараймыз және жаңа сын-тегеуріндерге дайынбыз. Біздің бағытымыз — өсу, инновация және клиенттеріміз бен командамызбен бірге ілгері даму», — деп атап өтеді компанияның топ-менеджменті.

West Dala компаниясының барлық қызметкерлерін, серіктестерін және клиенттерін мерейтоймен шын жүректен құттықтаймыз! Келесі 20 жыл — одан да жарқын, табысты және жетістіктерге толы болсын!



GEWR-2025: САЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫНА ҮМІТПЕН

West Dala компаниясы Астанада өткен қалдықтарды басқару мен жаңартылатын энергия бойынша ең ірі еуразиялық форум — GREEN ENERGY & WASTE RECYCLING FORUM (GEWR) аясында серіктес ретінде қатысты. 20 жылдық мерейтой жылында біз қалдықтарды басқару саласындағы мүдделі тараптардың үнін жеткізетін Kazwaste қауымдастығының бастамаларын қолдай отырып, форум ұйымдастырушысының барлық бастамаларына қолдау көрсетуді жалғастырамыз.

Форумның алғашқы күнінде өткен пленарлық отырыста мынадай маңызды мәліметтер айтылды: бүгінгі таңда Қазақстанда 202 кәсіпорын қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, кәдеге жарату, жою және көму бойынша лицензияға ие. Сонымен қатар 1722 кәсіпорын қалдықтарды жинау, сұрыптау, тасымалдау, сондай-ақ қауіпсіз қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою қызметін бастау туралы хабарлама берген. Бұл — сектордың ауқымын көрсететін елеулі сан. Алайда осы кәсіпорындардың көпшілігі осал жағдайда жұмыс істеп жатыр. Олар үшін жүйелі мемлекеттік қолдау әлі де жеткіліксіз. «Өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу секторы белсендірек дамып келеді, алайда бұл бағытта да алаңдатарлық үрдіс байқалуда.

Компаниялар ұзақ мерзімді келісімшарттардан айырылып жатыр, себебі тапсырыс берушілер ең төмен баға ұсынылған қысқа мерзімді тендерлерге ғана назар аударады. Бұл мердігерлердің бизнесінің тұрақтылығына қауіп төндіріп, қызмет сапасының төмендеуіне, сондай-ақ экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікке байланысты қатерлерге әкеп соғады», — деп атап өтті KazWaste атқарушы директоры Вера Мустафина.

GEWR-2025 форумындағы серіктестік сессия барысында қалдықтар мен ағынды сулармен жұмыс істеу саласындағы өзекті мәселелер мен нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстарын «West Dala» ЖШС өндіріс департаменті басшысының орынбасары Рустам Алманбетов баяндап берді. Ол өз сөзінде мәселелерді тәжірибелік тұрғыдан қарастырып, нақты мысалдар келтірді. Мысалы, компания экологиялық рұқсаттар мен рәсімдердің тым ұзаққа созылуымен жиі бетпе-бет келеді — кейде бұл мерзім жарты жылдан да асады. West Dala форум аясында экологиялық рұқсат беру мерзімін қайта өңдеуші кәсіпорындар үшін 3 айға дейін қысқартуды, сондай-ақ бұл

кезеңде қоғамдық тыңдауларды алып тастауды ұсынды. Сонымен қатар, Рустам Алманбетов ерекше қалдықтарды (мысалы, сынап, шыны және басқа да материалдар) сақтау мерзімі мәселесін көтерді. Қолданыстағы 6 айлық шектеудің орнына, ол инфрақұрылымның қолжетімділігіне қарай икемді мерзімдер енгізуді ұсынды. Бұған қоса, Қазақстанда ерекше қалдықтарды кәдеге жарату жөнінде Ұлттық стратегия әзірлеу қажеттігін айтты.

Біздің компанияның басқа ұсыныстарының арасында:

- Қалдықтарды жинау және көму нормативтерін қалдықтардың кодтары бойынша емес, атаулары бойынша белгілеуге рұқсат беру — егер бұл үшін тиісті технологиялар мен өндірістік қуаттар болса.
- Тазартылған су сапасына сараланған нормативтер енгізу.
- Тазартылған ағынды суларды басқарудың келешектегі мақсаттарын есепке алу.
- Қалдықтарды тудырушылар мен қалдық паспортының әзірлеушілерін қалдық паспортына енгізілген мәліметтер үшін заң жүзінде жауапты ету.
- Зертханаларға жүргізілген талдаулардың нәтижелері үшін заңнамалық жауапкершілік жүктеу.



Рустам Алманбетов өз баяндамасында заңнама жалпы икемді, бейімделгіш болуы және нақты жағдайлардың ерекшеліктерін — қалдықтардың құрамын, жергілікті технологиялар мен географиялық жағдайларды ескеруі тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ GEWR-2025 форумында «West Dala» ЖШС-ның жетекші эколог маманы Айнагүл Сагиева сөз сөйледі. Ол бизнес пен білім беру арасындағы серіктестік тақырыбындағы баяндамасында компанияның кәсіби кадрларды даярлауға қосып отырған үлесі жайлы айтты.

Атап айтқанда, компания С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетімен бірге дуальді білім беру жүйесін дамытуға атсалысып келеді. Сонымен қатар Х.

Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен білім беру бағдарламасы аясындағы серіктестік, және Атырау қаласындағы Мансап орталығымен бірлесіп «Жастар практикасы» мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі жұмыстар жүргізілуде.

Баяндамасында әріптесіміз

қалдықтарды басқару саласындағы кадр тапшылығы, сұранысқа ие мамандықтар, сондай-ақ қажет етілетін негізгі құзыреттер туралы кеңінен тоқталды. Талқылау барысында Айнагүл Сагиева West Dala компаниясы атынан бірқатар ұсыныстарды алға тартты: Қазақстанның жоғары оқу орындарында қалдықтарды басқару бойынша білім беру бағдарламаларын ашу; сұранысқа ие мамандықтар бойынша арнайы орта білім беру ұйымдарында кәсіби оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру; қалдықтарды басқару мен сұрыптаудың маңыздылығы туралы тақырыптарды мектеп бағдарламалары, Үкіметтік Емес Ұйымдар және масс-медиа арқылы кең аудиторияға таныстыру, бұл мәселені кеңінен насихаттау. Сондай-ақ қалдықтарды басқару саласында аса қажет, бірақ тапшы болып отырған мамандықтар туралы ақпаратты мақсатты аудиторияға — яғни, болашақ түлектер мен талапкерлерге, сондай-ақ бейінді жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басшылығына уақтылы



жеткізу маңызды екені айтылды. Қорытындылай келе, мына жайтты атап өткен жөн:

орнықты даму — бұл заңнамалық реформаларды, білім мен адами капиталға салынатын инвестицияларды қажет ететін ұзақ мерзімді бағыт.

Біз GEWR-2025 форумында өткен баяндамалар, пікірталастар мен бейресми кездесулер жүйелі экологиялық өзгерістерге бастайтын маңызды бетбұрысқа айналады деп сенеміз.

ҚАЙТА СЕРТИФИКАТТАУ АУДИТІ

West Dala компаниясында халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін растау мақсатында қайта сертификаттау аудиті өткізілді.

Атап айтқанда, аудит келесі менеджмент жүйелері бойынша жүргізілді: ISO 9001:2015 — Сапа менеджменті жүйесі, ISO 14001:2015 — Экологиялық менеджменті жүйесі, ISO 45001:2018 — Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі.

Сертификаттау саласы: Қалдықтарды басқару, соның ішінде өндірістік нысандарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету қызметтері. Аудитті «INTERTEK International Kazakhstan» ЖШС сертификаттау органы жүргізді. Аудит нәтижесі бойынша West Dala компаниясы халықаралық стандарттар талаптарына толық сәйкес келетінін сәтті дәлелдеп, қайта сертификаттаудан өтті.



ҚАУІПСІЗДІК

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ АЙЛЫҒЫ – 2025

Халықаралық Еңбекті қорғау күні қарсаңында West Dala компаниясында 20 жылдық мерейтойға арналған «Оқыту өмірлік маңызды» атты Еңбекті қорғау – 2025 бағдарламасы іске қосылды.

2025 жылдың 24 сәуірінде өткен жалпы жиналыста «West Dala» ЖШС Бас директоры Қайрат Шаменұлы Салахаденов ұжымды маңызды жетістікпен — 800 күн бойы жұмыс уақытының жоғалуына әкелген жазатайым оқиғалардың тіркелмегенімен құттықтады. Ол қауіпсіздік мәдениетіне адалдығы үшін қызметкерлерге алғыс білдіріп, «Оқыту өмірлік маңызды» атты бір айлық корпоративтік бағдарламаның басталғанын жариялады. Өз кезегінде, компанияның Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау департаментінің жетекшісі Бағдат Дүйсебаев 2024 жылғы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау басқару жүйесінің нәтижелерімен бөлісіп, 2025 жылға арналған жоспарлармен таныстырды.

Сонымен қатар, ол сәуір айында басталып, мамыр бойы жалғасқан, корпоративтік бағдарлама аясындағы 11 іс-шараны таныстырды. Олардың қатарында қызметкерлер арасындағы түрлі байқаулар, бейнеүндеулер, оқыту курстары мен тимбилдинг шаралары бар.

Барлық іс-шаралар компанияда қауіпсіздік мәдениет деңгейін арттыруға және еңбекті қорғауға компанияның басты құндылығы ретінде тұрақты көзқарас қалыптастыруға бағытталған. West Dala компаниясының 20 жылдық мерейтойына орай сәуір–мамыр айларында өткізілген іс-шаралар легі корпоративтік тимбилдингпен аяқталды. Ашық аспан астында өткен бұл шараны Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау департаменті ұйымдастырды.

Wooden House демалыс базасында өткен тимбилдингтің басты мақсаты — қызметкерлер арасындағы командалық рухты нығайту, сондай-ақ қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәдениетін арттыру болды.



ТАНУ СЕРТИФИКАТЫ

«Еңбекті қорғау айлығы – 2025» бағдарламасының нәтижелері компанияның стратегиялық серіктесі — NCOC тарапынан жоғары бағаланды.

Бизнес-серіктестер арасында өткен байқау қорытындысы бойынша West Dala компаниясы «Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін ілгерілетудегі ең үздік

бастама» номинациясында жеңімпаз деп танылды. Бұл марапат NCOC-2025 қауіпсіздік айлығы аясында берілді. Компания Қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қосқан елеулі үлесі мен «Нөлдік көрсеткіш» қағидаттарына жоғары адалдығы үшін Тану сертификатына ие болып, естелік сыйлықпен марапатталды.



CHESM АУДИТИ



2025 жылдың сәуір айында West Dala компаниясы Теңізшевройл (ТШО) тарапынан мердігер ұйымдар арасында жыл сайын өткізілетін CHESM аудитінен өтті. Аудит аясында еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау процестері жан-жақты тексерілді. Аудит нәтижесі бойынша

компания 100 баллдың 98-ін жинап, жоғары баға алды. West Dala жыл сайынғы CHESM аудитінен тұрақты түрде сәтті өтіп, бірнеше жыл қатарынан жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Жұмыс ТШО-ның HSE талаптарына толық сәйкес жүргізіледі.

ЭКОЛОГИЯ

ЭКОЛОГ КҮНІНЕ ОРАЙ АЛҒЫС ХАТ

2025 жылғы 3 маусымда Атырау облысының Экология департаменті жұмыс кеңесін өткізді. Іс-шара барысында ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті атынан «West Dala» ЖШС бас экологы Айнагүл Наурызбаева Алғыс хатпен марапатталды.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРАМЫЗ

West Dala компаниясында «Экологиялық сын-қатер» атты арнайы экологиялық акция өтті. Оған бас кеңсе, «Прорва» ҚЖК, «Теңіз» ҚЖК және «МШБ» жобасының, «Өзен» ҚЖК және «ММГ РАО» жобасының, «Қошанай» ҚЖК, ҚБК және көлік бөлімінің, ҚӨЖОКП мен Батыс Ескене жобасының қызметкерлері қатысты. Эколог мамандармен бірге әріптестер дене шынықтыру жаттығуын жасап, сергек әрі белсенді жұмыс күнін бастады. Күн бойы қызметкерлерге экологиялық жұмыс кеңістігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүктелді. Бұл шағын, бірақ пайдалы эко-әрекеттер арқылы кеңселер мен өндірістік нысандар біртіндеп экологиялық талаптарға сай болып

келеді. Сонымен қатар бұл бастама West Dala ұжымының эко-белсенділігі мен экосанасын арттыруға ықпал етуде!



БІЗДІҢ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

Қоршаған ортаны қорғаудың дүниежүзілік күніне орай және «Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық бастамасын қолдау мақсатында West Dala компаниясы өз бастамасымен Атырау қаласында сенбілік ұйымдастырды. Қызметкерлеріміздің бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде бір тоннадан астам қалдық жиналды. Сондай-ақ Құлсары қаласы әкімдігімен келісе отырып, West Dala «Теңіз» жобасының 20 қызметкерінің көмегімен Құрсай жағалауындағы аумақты тазартты.



ТАМШАЛЫДАҒЫ СЕНБІЛІК

Форт-Шевченко қаласы әкімдігінің бастамасымен Тамшалының көркем табиғат аясында экологиялық сенбілік өтті. Бұл шараға «Кошанай» кешенінің қызметкерлері белсене қатысып, көп мөлшерде қалдық жинады. Ұйымдастырушыларға және барлық қатысушыларға біздің әлемді таза етуге көмектесетін белсенділігі үшін алғыс айтамыз!



ЖҰМЫС САПАРЫ

Мамыр айында West Dala компаниясының ҚБК нысанына "Аккредиттеудің Тәуелсіз Қазақстандық Орталығы" Коммерциялық емес мекеме сараптамалық комиссиясының делегациясы жұмыс сапарымен келді. Сапар мақсаты — Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жүзеге асырып жатқан «Қалдықтарды басқару» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің практика өтетін базасын бағалау. West Dala компаниясы бұл білім беру бағдарламасын әзірлеуге белсенді қатысып, университетпен әріптестікті жалғастырып келеді. Себебі бұл бастама — экологиялық менеджмент пен қалдықтарды тұрақты басқару саласында білікті мамандар даярлауға бағытталған маңызды қадам.

